**Бекітемін:**
**«Әсем» бөбекжай**
**балабақша меңгерушісі**
**__________ Ә.Т.Дөнен**

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша)** | **«Әсем» бөбекжай балабақшасы** | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **«Қыран» топ**<br>**Бала саны 25** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | **Тогызбаева Жаксыгул**<br>**Арапбаева Гүлнұр** | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **28.08. - 01.09.2023ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Еңбек:** ауланы тазарту.<br>Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларына қалыптастыру; еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | **Еңбек:** гүлзардағы топырақты босату, суару.<br>Мақсат-міндеттер: гүлдерге күтім жасау, оларға қамқорлық жасауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | | **Еңбек: құмырсқалар илеуін салу үшін алаңнан ағаштар жинау.**<br>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, өз ойындарына алдын-ала материал дайындай білу қабілетін дамыту.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Жел мен бұлт" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлау жаттығулары.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Мысық пен тышқан".**<br>Мақсат-міндеттер: ойынның шарты бойынша әділ ойнап, шапшаңдықты, жылдамдықты, тапқырлықты танытуға баулу.<br>Барысы.<br>Ойнаушылар дөңгелене тұрады. Мысық пен тышқанды тағайындап алады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай | **"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту.<br>**(таным іс-әрекет)**<br><br>**"Қармақ" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлауды жүзеге асыру.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, дер кезінде тығырықтан шыға | | **"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.<br>Ойын барысы.<br>Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар. Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүріп сөздерді айтады.<br>Мысықай аппақ қарасақ,<br>Құйрығы сұр тамаша-ақ,<br>Жебедей-ақ ұшады,<br>Көзін жаймен қысады.<br>Тырнақтарын үндемей,<br>Ашқан кезде инедей,<br>Тышқандардың тықырын,<br>Мысықай естісе ақырын,<br>Аңдып аулап алады,<br>Мысықай біздің жарады.<br>«Аңдып, аулап алады» деген сөздерден кейін балалар тоқтайды, шеңбердің уәделескен жерінде екі бала қолын түсіріп, есіктен | білуге үйретеді.<br>Барысы. Балалар дөңгеленіп, шеңбер құрап отырады. Балалардың арасынан бір бала таңдалады да қалғандары көздерін жұмып отырулары тиіс. Таңдалған бала дөңгеленіп отырған балалар сыртымен ақырын жүріп, бір баланың артына тақияны білдірмей тастап кетеді. Тәрбиеші белгіснен кейін балалар көздерін ашады. Жан жағына жылдам қарап, тақияны өзінде екенін білсе, сезсе жылдам орнынан тұруы керек. Егер орнынан дер кезінде тұра алмаса онда өз өнерін | | мезгілдерге қойып шығады (мысалы:қыс мезгіліне қар,шырша,аққала) т.б.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**<br><br>**Еркін ойын: "Дауысынан таны".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есту, зейін қабілеттерін жетілдіру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Шеңберде тұрған ойыншылардың бәрі ортаға шығып көзін байлайды да, ойын басқарушы болады. Ал қалғаны:<br>"Секір, секір!" - деген кім? | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өтетін жер қалдырады, Тышқан мысықтан қашып, есікке қарай жүгіреді де, шеңбер жасап тұрғандардың қолының астынан өтуі мүмкін. Мысық тышқанды ұстап алатын кезде, бұл рөлге басқа балалар тағайындалады, сөйтіп ойын осылайша қайталана береді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)**<br><br>**"Ұшты - ұшты" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажырата білуді жетілдіру.<br>Тәрбиеші балаларға | көрсетеді: тақпақ, өлең, би және т.б.<br>Және де орнынан тез тұрып үлгірген балаға ұлттық ою өрнек бейнесі беріледі. Көп ою жинаған бала жеңімпаз.<br>Ойын ережесі: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді.<br>**(дене шынықтыру)** | | Білгіш болсаң - таба ғой.<br>Тауып ал да, өзің кеп,<br>Сол орынды ала ғой"<br>- деген өлеңді айтып, шеңберді айнала жүгіреді.<br>"Секір, секір" деген сөзді педагог белгілеген бала айтады. Балалар осыны айтып болған соң, ойын бастаушы көзін ашады да, «секір» деп айтқан баланы табуға тырысады.<br>Тапса, айтқан бала ортаға шығады да, ойын басқарушы болады. Ойын осы ретпен жүргізіле береді.<br>**(дене шынықтыру)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұшатын құс, әуе көлік атауларын, сонымен қатар кез келген атауларды атайды.<br>Егер олар ұшатын болса құс қанатын қағып қимыл көрсетеді.<br>Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды.<br>Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады.<br>Мысалы: Ұшты - ұшты, ұшақ ұшты – десе, қолдарын қимылдатады.<br>Ұшты - ұшты, кітап ұшты – десе, қолдарын | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қимылдатпайды.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Міне, бүгін ойнадық<br>Ойнадық та, ойладық.<br>Көжектер боп жүгіріп,<br>Сәбіздерді жинадық.<br>Бүгін жаттығу жаңаша,<br>Қалмадық біз оңаша,<br>Біздің балабақшада,<br>Күнде осындай тамаша!<br>Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу.<br>Жалпы дамыту жаттығулары кешені. ""Қара жорға"".<br>1. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - иықты алға қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - иықты артқа қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде.<br>1- оң аяқты алға созып, оңға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу;<br>3 - сол аяқты алға созып, солға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде.<br>1 - сол аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу;<br>3 - оң аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1- екі аяқты бірге ұстап, қолды 2 жаққа соза, иықты қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде.<br>1 - аяқты айқастыра тұрып, қолды белге ұстап, иықты алға, артқа қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br>6. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - екі аяқты кезек көтеріп, қолды белге ұстап, орнында шоқырақтау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі.<br>**Көркем сөз**<br>Тағы міне, таң атты,<br>Дайын дәмді тағамдар.<br>Үлпілдеген тиінге,<br>Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пенен күшікке.<br>Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дәндер | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі.<br>**Көркем сөз**<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де,<br>Жуын күндіз-кешке де,<br>Жуын күндіз-түсте де,<br>Жуын тамақ алдында, | | **Гигиеналық дағдылар**<br>Майлықты қолдануды үйрену, нанды қопсытпау, орындықты итеру, тамақ үшін алғыс айту, аузыңды шайып алу, тамақ қабылдауға жағымды қатынасты тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз**<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | салам.<br>Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | мезгілде.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Жаңылтпаштарды қайталау және жаттау | "Жәндіктер" тақырыбына иддюстрациялар қарау. | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | Жазғы ойын-сауықтар | Жазғы ойын-сауықтар | | Жазғы ойын-сауықтар | |
| **2- таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Күнді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-** | **Құмырсқаны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-** | | **Көгершінді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекет, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: күнді, оның өсімдіктер, ағаштар, жәндіктер және барлық тіршілік иелері үшін маңыздылығын бақылауды жалғастыру<br>Экологиялық міндет: күн сәулесінің адам мен өсімдік тіршілігі үшін құндылығын көрсету.<br>**Көркем сөз**<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты!<br>**Еңбек: құм жәшіктерін құммен толтыру.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бойына еңбекке деген | **әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: құмырсқалардың пайда болу ерекшеліктері, олардың тіршілік көріністері туралы білімдерін кеңейту; сыртқы дүниеге деген қызығушылықты ояту**.**<br>**Жұмбақ жасыру**.<br>Қатар - қатар қара нар,<br>Аспанменен бара бар,<br>Алды биік, арты жар.<br>/Құмырсқа/.<br>**Көркем сөз**<br>Қаламайды құмырсқа<br>Қаңғыруды, билеуді.<br>Тыным алмай, ырысқа<br>Толтырады илеуді.<br>Тапқан заты ауыр | | **әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: құс әлемі туралы білімдерін пысықтау, адамның оларға қамқор болып, қорғау шаралары туралы түсініктерін жетілдіру.<br>**Бақылау барысы**<br>Педагог балаларға жұмбақтар жасайды, сұрақтарға жауап беруді ұсынады.<br>Қанат қағып шарықтап,<br>Мұхит асып қалықтап,<br>Шарлап бүкіл әлемді,<br>Шаттандырып әр елді<br>Бейбіт күнге сән болған,<br>Бұл қандай құс ән болған? (Көгершін)<br>Екі айыр құйрығы, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құштарлығын ояту.<br>**"Қаракұс пен балапандар" қимыл-қазғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің нұсқау-бұйрықтарын тыңдай білуге дағдыландыру, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар "қаракұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды. Қалғандары "балапандар" болып ойынға қатысады. Олар "тауықтың" артына тізіліп (6-8 бала болып) тұрады. Ойын алаңының бір шетінен қаракұстың "ұясы" сызылады. | боп,<br>Түссе бірі әлекке,<br>Қауымдасқан бауыр кеп,<br>Келеді тез көмекке.<br>Ауыртпалық көрмедім<br>Олар алып жықпайтын.<br>Қиындық аз дер едім<br>Түбі жеңіп шықпайтын.<br>Неге?<br>Айтсақ дұрысын:<br>Демей ұсақ, ірісің,<br>Бірі істейді бәрі үші,<br>Бәрі істейді бірі үшін! (Қадыр Мырза Али**)**<br>**Еңбе**к: алаңдағы жерді қопсыту<br>Мақсат-міндеттер: келесі жылы тұқым отырғызуға жерді дайындауды үйрету.<br>**Қимылды ойын «Қақпан», «Аттар». (дене шынықтыру)** | | Қияқ мұрт қанаты,<br>Ұшқырлардың жүйрігі. (Қарлығаш)<br>- Олар қайда тіршілік етеді?<br>- Олар нені шоқып жегенді жақсы көреді?<br>- Оларды кім қоректендіреді?<br>- Көгершіндер қайда мекендейді?<br>Өте ерте кезден-ақ көгершіндер бейбітшілік пен достық құсы деп саналған. Ол өте әдемі және адамдарға тез бауыр басады. Көгершіндердің ерекше қасиеті олар өз үйлерін қанша қашықта болса да іздеп табады.<br>**Көркем сөз:**<br>Құстар менің достарым,<br>Жемін, суын | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Педагог: "Қарақұс!" деп, белгі берген кезде, "қарақұс" "тауықтың" артында бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрған балапандардың ең соңғысын ұстап алуға ұмтылады. "Тауық" болса - екі "қанатын" (екі қолын) екі жаққа соза, балапандарын қорғаштайды. Балапандар да қарақұсқа алдырмауға тырысады. Олар тек тізбекті бұзбауға тиіс.<br>Ұсталған балапандарды "қарақұс ұясына" алып кетеді. Екі-үш балапан ұсталған соң ойын жүргізушілер қайта сайланып, ойын қайта | Мақсат-міндеттер: жылдамдық пен төзімділікті дамыту<br>**Жеке жұмыс**: баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру.<br>Мақсат-міндеттер: төзімділікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу | | керекгін,<br>Құспен қызық аспаным.<br>Күнде апарып беремін<br>Үйшік жасай білемін.<br>Олар мәз боп қалады,<br>Ағаштарға ілемін.<br>Шаттық әнге салады.<br>- Қандай құстар алаңға келіп қонады?<br>**Зерттеу қызметі**<br>Кептер мен торғайды салыстыру<br>**Еңбек: балабақша аумағына жем салғыш ілу.**<br>Мақсат-міндеттер: еңбек әрекетін орындауға үйрету.<br>**"Ұшады, секіреді, жүзеді" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты: балаларды жүкіруге үйрету, құстардың, аңдардың, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | басталады.<br>Педагог ойынның алдында балалармен қауіпсіздік ережелерін қайталау керек.<br>**Жұмбақ.**<br>Жалғанда бір нәрсе бар аяқ қапты,<br>Ұшады кешке дейін дамыл таппай... (Күн)<br>**Болжам.** Батар күн қызыл шапаққа малынып барып ұясына кірсе, ертеңінде шыжыған ыстық болатынын білдіреді.<br>**Еркін ойын: "Қу түлкі".**<br>Мақсат-міндеттер: жүгіру қабілетін дамыту. | | | балықтардың аттарын есте сақтау<br>**Жаттығу ойындары: «Қаданы (кегли) құлат». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты нысанаға лақтыру, дәлдіктерін дамыту.<br>**Халық болжамы:**<br>- Құс жүнін үрпитсе, жауын болады;<br>- Жыл құстары кеш ұшса, қыс жылы болады;<br>- Құстар асыға қоректенсе ауа-райы бұзылады.<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. **"Үш табан" қазақ ұлттық (асықтармен) қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі.<br>Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі.<br>Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді).<br>Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады.<br>Осылай болмаған | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады. Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді. Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді. Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді. Ұтылған бала ойыннан шығып | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қалады.<br>Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық сайысқа түседі.<br>Еркін ойындар. | |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет | | **Гигиеналық дағдылар**<br>Майлықты қолдануды үйрену, нанды қопсытпау, орындықты итеру, тамақ үшін алғыс | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ережесі.<br>**Көркем сөз**<br>Тағы міне, таң атты,<br>Дайын дәмді тағамдар.<br>Үлпілдеген тиінге,<br>Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пенен күшікке.<br>Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дәндер салам.<br>Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | ережесі.<br>**Көркем сөз**<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де,<br>Жуын күндіз-кешке де,<br>Жуын күндіз-түсте де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | айту, аузыңды шайып алу, тамақ қабылдауға жағымды қатынасты тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз**<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың ұйқысына қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ұйқыдан тұр**у (музыка ақырын ойнап тұр).<br>Бойымызды жазайық<br>Қолымызды созайық<br>Жаттығулар жасайық | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ұйқымызды ашайық!<br><br>Балапандар ұйқыға кірісті.<br>Балапандар көреді түсті,<br>Ғажайып сиқырлы әлемді.<br>Балалар ұйқыдан оянады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Не естігеніңді айт?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: жауаптарда толық сөйлемдерді қолдануға үйрету; сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Ойын барысы.<br>Педагог балаларға көздерін жауып, мұқият тыңдауларын (құстардың дауысы, машина сигналы, адамдардың | **"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін бекіту, жүйелеу<br>Ойын барысы.<br>Педагог балалармен әңгімелесу барысында айналамыздағы заттардың адам қолынан шыққаны немесе табиғатта сол | | **"Дорбада не бар екенін тап?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: сипап сезінетін белгілерді сипаттау.<br>Ойын барысы.<br>Тәрбиеші көкөністер мен жемістерді дорбаға салады. Бала қолында болған нәрсені сипап сезінуі керек және бұл туралы жұмбақ жасау керек, сонда балалар жүргізушінің қолында не бар | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әңгімелескен дыбыстары т.б.) және нені естігендерін анықтауларын өтінеді. Балалар толық сөйлеммен жауап берулерін талап ету керек.<br>Кім ең көп естіген сөзді атайды, сол жеңімпаз болып саналады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**"Сүйікті кітаптарыңыздың кейіпкерлерімен бірге саяхат" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалар жазушыларына деген қызығушылықтарын ояту. Ертегі | күйінде кездесетіні, оларды адамдардың пайдалануы туралы балалардың білімдерін анықтайды. Мәселен, орман, көмір, мұнай, газ табиғатта сол күйінде болады, ал үрейлерді, зауыттарды, көлік құралдарын адам жасайды. «Адам қандай заттарды жасаған?» - деп тәрбиеші сұрақ қойып, ойынға қатысушылардың біріне бір затты береді (немесе доп лақтырады).<br>Балалардың бірнеше жауабынан кейін ол жаңа сұрақ қояды: «Табиғат нені жаратқан?». Ойын барысында тәрбиеші балалармен адамзат | | екенін болжай алады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>**"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: ұжымдық әрекеттерді үйлестіруді дамыту; кеңістікті бағдарлауды үйрету.<br>Ойын барысы.<br>Мысық пен тышқанды таңдағаннан кейін, қалған ойыншылар шеңберге тұрып, қолдарын біріктіреді.<br>Мысық шеңбердің артында, тышқан оның ішінде.<br>Мысық басқа ойыншылар күзететін тышқанға өтуге тырысады: олар | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кейіпкерінің рөлін қабылдау қабілетін дамыту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | табиғатты адамдар жақсы өмір сүру үшін пайдаланатыны, сонымен қатар орманды өрттен қорғап, су тоғандарын, өзендер мен көлдерді тазартып, құстар мен жануарларды күзетіп, табиғатты аялайтыны туралы қысқа әңгіме өткізеді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**"Жер, су, ауа" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде, ауада, суда не төселдіру, қоршаған | | мысықтың төменгі жағынан өтіп кетуіне жол бермейді, қолдарын төмен түсіреді; жабық қолдарынан көтеріп, оның секіруіне жол бермеуге тырысады. Ойын мысық тышқанды ұстап алғанға дейін жалғасады.<br>**(дене шынықтыру)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу. Шапшаңдыққа баулу. **(дене шынықтыру)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жаңылтпаш**<br>Тақпақ жаттап,<br>Айтсақ жақсы-ақ.<br>Жатка тақпақ,<br>Жатта тақ-тақ.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Шығармашылық уақыты: "Қала көшесі".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың түрлі материалдардан (лего, құм) құрылыс жасауға деген құштарлығын жетілдіру.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)** | **Шығармашылық уақыты: "Қағаздан желдеткішті бүктеу арқылы құрастыру".**<br>Масқат-міндеттер: балалардың түрлі материалдардан (қағаздан) құрылыс жасуға деген құштарлығын жетілдіру.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)** | | | |
| **Серуенге дайындық** | 1.Алдағы іс-шараға арналған тапсырма: топты шығар алдында тәртіпке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау.<br>2. Киімді кию алгоритмін қайталау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару – тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды. | | | | |
| **Серуен** | Түскі бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналармен «Тазалық - денсаулық кепілі» тақырыбында әңгіме | Ана-аналарға кеңес: "Балаларды жаңа оқу жылының тәртібіне дайындау". | | | |

**Әдіскер:** **А.А.Сулейменова**